Приказ Министерства образования и науки Республики Казахстан

г. Астана от 27 июля 2017 года № 352

О внесении изменения и дополнений в приказ министра образования и науки Республики Казахстан от 3 апреля 2013 года № 115 «Об утверждении типовых учебных программ по общеобразовательным предметам, курсам по выбору и факультативам для общеобразовательных организаций»

Продолжение. Начало в № 189, 198 – 2017 г.; № 3, 5, 6, 10–16, 18–28

15. Оқу бағдарлама пәндік білім және білікті ғана емес, сонымен қатар, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыру бағыттылығымен ерекшеленеді. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі төмендегі кең ауқымды дағдыларды қалыптастыру негізі болып табылады:

1) білімді функционалды және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке жұмыс істей білу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдылар дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар білім алушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектеп бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады.

16. Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер білім алушылардың күрделі міндеттерді шешу немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаяттқа, идеялар мен ақпараттарды талдау және бағалау, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылықпен қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

17. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылық дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

18. Кең ауқымды дағдылармен бірлікте тұлғалық қасиеттерді дамыту білім алушыларға базалық білімді меңгертуге негіз болады:

1) «қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек және шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағдыландыру негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының мінез-құлқын және күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдарлар.

2-тарау. «Ым-ишаратшы сөйлеу тілі» пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

19. «Ым-ишаратшы сөйлеу тілі» пәнінің мақсаты:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар тұрғысынан білім алушылардың бойында адам, табиғат және қоғамның өзара байланысуы және өзара келісілуі туралы білім жүйесін қалыптастыру.

20. Пәннің міндеттері:

1) білім алушылардың білік, дағды, білім алу сапасын жоғарылату;

2) ым-ишарат тілін бекіте отырып, сөздік материалды қабылдауды жақсарту;

3) ауызша сөйлеу тілін меңгеруі мен еріннен оқуын жеңілдету;

4) ақпаратты қабылдау мен өңдеу үрдісінде білім алушының тұлғасын қалыптастыруға көмектесу;

5) өз ойын сөзбен жеткізуге үйрету, білім алушылардың өздеріне таныс өмірлік ақпараттары жайлы дүниетанымын кеңейту;

6) билингвальды сананы қалыптастыру (екі тілдік әлем жайлы түсінікті және сөздік және ым-ишара тілін қалыптастыру);

7) дактильдеу техникасын меңгерту;

8) ым-ишара құрылымын қалыптастыру;

9) ым-ишараның грамматикалық элементін меңгерту;

10) ым-ишаратшық сөйлеу тілінде өтілген тақырыптарға сай заттардың атауларын айтқыза білу;

11) ым-ишаратшық тілінде іс әрекеттердің мағынасын түсініп, айта білу;

12) білім алушылардың сөйлеу тілін дамыту және жетілдіру, ым-ишаратшық тіл құралын пайдалана отырып, олардың коммуникативті қызметінің тиімділігін арттыру;

13) естімейтін адамдардың негізгі субмәдениеті ретінде ым-ишаратшық сөйлеу тілімен, оның тарихымен танысу;

14) екі тілдің естімейтін адамдардың өмірінде рөлі мен орнын, сөздік-ымдық екі тілдің ерекшелігін түсінуге тәрбиелеу, калькаланған ым-ишарат сөйлеу тіліне деген қызығушылықты тәрбиелеу;

15) сөйлеу тілдік қатынастың мәдениетін жетілдіру;

16) болған жағдайды ым-ишара тілінде белгілеу;

17) қайталанып көрсетілетін дактилеманы, ым-ишара тіліне аудару;

18) диалогқа қатысу (сұрақ қою, сұхбат құрушы адамды қолдау);

19) өткен материалдар бойынша екі жақты ым-ишара сөзбен және сөз-ым-ишара тілмен байланысқа түсу;

20) берілген мәтіндерді оқып, ым-ишаратшық сөйлеу тілінде орындай алу;

21) берілген сұрақтарға ым-ишаратпен жауап беруді орындай алу;

22) ым-ишаратшық сөйлеу тілінде белгілі бір мәтін бойынша сөйлем құрастырып, орындай алу.

21. Білім алушылардың ым-ишаратшық әдеби сөйлеу тілге оқытудың тиімділігіне, олардың ымдық сөздік қорының кеңеюіне олардың мектепті бұрын бітірген естімейтін адамдармен немесе естімейтін білім алушылардың ата-анасымен кездесулері, қазақ естімейтіндер қоғамының жергілікті бөлімшесіне баруы жағымды әсер етеді.

22. Ым-ишаратшық сөйлеу тілінің диалогтық және монологтық түрін дамытуды жалғастыра отырып, білім алушыларға ұсынылатындар: мұғалімнің және білім алушының айтып берген әр түрлі мәтіндермен жұмыс калькаланған ым-ишарат сөйлеу көмегі арқылы мәтіндерді талдау және талқылау, ымдық сөйлеу тілінің тарихы туралы хабарламаны дайындау, дәрісханада сөз сөйлеу (сурдоаудармалы өлең, мектептік шараларда хабарлама). Мәтіндерді оқыған кезде ым-ишаратшық тілдің мәдениетін және сезімді дамыту үшін, мұғалім білім алушылардың сөйлеу ишаратшарын табиғи түрде орындауларын және мимикаларының әдемі болуларын қадағалайды. Диалогтарды қойылымда, рөлдік және сөздік ойындарда жетілдіруге болады.

23. «Ым-ишаратшық сөйлеу тілі» пәні төмендегі кезеңдерге бөлінеді:

1) 1 кезең – пәннің бастапқы негіздері оқытылады (4 сыныптар). Бұл кезеңде ым-ишаратшық сөйлеу тілінің дамытуға күнделікті сөйлеу аясында негізгі тақырыптар бағдарламада белгіленген. Әр тақырыпқа шамамен сөздік материал алынған. Бұл кезеңде ым-ишаратшық сөйлеу тілін дамыту: әр түрлі тақырыпқа диалогтар ұйымдастыру, мәтіннен жұмыс жүргізу, ым-ишаратшық аударма дағдыларын үйрету арқылы іске асырылады;

2) 2 кезең – байланыстырып сөйлеу тілін және калькаланған ым-ишарат тілін дамытылады (5–7 сыныптар). Белгіленген тақырыптар бойынша қарым-қатынас дағдыларын дамытатын шығармашылық ойындары, тапсырмалары ұсынуға болады. Оқу материалына өлеңдер, мәтіндер, сөздік ойындар таңдалады. Сонымен қатар ым-ишаратшық сөйлеу тілінің лингвистикалық негіздері үйретіледі: білім алушылар тіл дегеніміз не және оның адам өміріндегі негізгі қызметтері туралы жалпы мәліметтерді алады, ым-ишаратшың құрылысы және оның қалай дамитыны туралы біледі;

3) 3 кезең – қарым-қатынас дағдылары дамытылады (8–10 сыныптар). Естімейтін білім алушылардың сөздік қорын кеңейту мақсатында жинақталған жалпы тақырыптық материалдар ұсынылған. Осы кезеңде ым-ишаратшық тілдің тарихы және мәдениетімен танысады және олардың мәселелерін де талқылайды. Осыған орай, ым-ишаратшық сөйлеу тілін дамытудың алдына қойған мақсаттары белгіленеді: білім алушылардың сөйлеу тілін дамыту және жетілдіру, ым-ишаратшық тіл құралын пайдалана отырып, олардың коммуникативті қызметінің тиімділігін арттыру, сөйлеу тілдік қатынастың мәдениетін жетілдіру.

24. Ым-ишаратшық сөйлеу тілі сабағында калькаланған ым-ишарат сөйлеу тілін пайдалана отырып, мәтінмен жүргізілетін жұмыс түрлері мынандай:

1) оқу, оқудан кейін – оқығанын айтып беру;

2) оқу және сұрақтарға ым-ишаратпен жауап беру;

3) мәтін бойынша таңдап оқи отырып, әңгімелесу;

4) оқу және шығарманың несімен ұнағаны, нешін есте қалғаны туралы ым-ишаратпен айтып беру;

5) диалогты рөлдерге бөліп оқу;

6) калькаланған ым-ишарат сөйлеу тілін пайдалана отырып, конкурстық өлең оқу;

7) білім алушыларда қоғам және табиғат құбылыстары мен нысандарының өзара байланысы мен өзара тәуелділігі туралы түсініктер қалыптастыру;

8) білім алушыларда табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортадағы мінез-құлық нормаларын және қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру;

9) білім алушыларда табиғи және әлеуметтік шынайылықты тану әдістерін: бақылау, эксперимент, сауалнама тәжірибелерінің қалыптасуын қамтамасыз ету;

10) білім алушылардың танымдық әрекетін дамытуды қамтамасыз ету;

11) білім алушыларды қазіргі қазақстандық қоғамға тән ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесіне дағдыландыру;

12) пәнді оқыту арқылы білім алушыларда өзін қоршаған ортаға, қоғамның табиғи және мәдени құндылықтарына дұрыс қатынастар қалыптастыру.

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

25. Оқытудағы құндылықтық-бағдарлық тәсіл – оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдалану тәсілі. Құндылықтық-бағдарлық оқу процесі білім алушы тұлғасының құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Құндылықты бағдарлану – тұлғаның өз әрекетінде бағдар ретінде жекелеген құндылықтарды таңдап алу (құндылықтарда бағдарлану қабілеттілігі) қабілеттілігі (қасиеті), сондай-ақ, оларды өзінің әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіну және қабылдау қабілеттілігі. Құндылықтарды жүзеге асыру дегеніміз құндылықтардан шығатын талаптарға сай болу және күнделікті өмірді сол талаптарға бағындыру. Құндылықтардың мәні қоғамда сәтті әрекет ету үшін нормаларды, дағдыларды, өмір салтын, мінез-құлық стилін қалыптастыруда көрініс табады.

26. Құндылықтар – әлеуметтік қолдауға ие және адамдардың көпшілігі мойындайтын белгілі нысандардың және құбылыстардың, адамдық қасиеттер мен мінез-құлық ережелерінің тұлғалық және әлеуметтік-мәдени маңыздылығы. Құндылықтар тұлғаны уәждеудің маңызды факторы ретінде мінез-құлық пен іс-әрекеттерді ынталандарады.

27. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары орта білім беру құндылықтарының идеялық негізі болып табылады. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық және өмір бойы оқып-үйрену – орта білім беру құндылықтары ретінде белгіленді.

28. Тұлғалық-бағдарлық тәсіл. Тұлғалық-бағдарлық тәсілдің мақсаты білім алушының психикалық және физиологиялық дамуының жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен жүріс-тұрыс уәждерін, әлеуетті қабілеттіліктерін ескере отырып оқу процесін дараландыру, оқу процесінде тұлғаны үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін толық ашу.

29. Іс-әрекеттік тәсіл. Іс-әрекеттік тәсілдің негізгі мазмұны – білім алушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіруден, өз оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынудан, оның ережелер жүйесін түсіну мен қабылдаудан, жетілдіруге белсенді қатысудан тұрады, ол өз кезегінде білім, оқу біліктері мен дағдыларын және кең ауқымды дағдыларды белсенді әрі сәтті қалыптасуын қамтамасыз етеді. Білім алушылардың оқу әрекеттері «білу», «түсіну», «талдау», «бағалау», «жинақтау» саналуы бойынша топтастырылған.

30. Саралап оқыту тәсілі. Саралап оқыту тәсілі оқу процесінің білім алушылардың әртүрлі топтары үшін мамандандырылуын, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру мақсатында түрлі топтарда оқыту үшін түрлі жағдайлар жасауды көздейді. Саралап оқыту тәсілі білім алушылардың түрлі топтарының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Сараланған оқу қызметін ұйымдастыру шарты – күрделілігімен, оқу-танымдық қызығушылықтарымен, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану болып табылады.

31. Коммуникативтік тәсіл. Оқытудағы коммуникативтік тәсіл екі немесе одан артық адамдардың сөйлесу әрекеті процесінде ақпаратты тарату мен жариялау, білім, білік және дағдылармен алмасуды білдіреді. Тіл арқылы қатынасу қабілеттілігі коммуникативтік тәсілдің нәтижесі болып табылады, яғни қарым-қатынастың басқа қатысушыларымен өзара әрекеттесу процесінде тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдалана білу және қатынас жағдайына сай тиімді коммуникативті мінез-құлықтың, қатынастың ұқсас жағдайын таңдай отырып, ой бөлісу және алмасу. Коммуникативтік тәсілге сәйкес ұйымдастырылған оқу процесі қатынас икемділігін қалыптастыратын тапсырмаларды және шынайы қатынас жағдайларына сай жұмыс режимдерін (жұптық және топтық жұмыстарды) кіріктіру.

32. Ортақ тақырыптар арқылы оқыту. «Ым-ишаратшық» оқу пәнінің «ортақ тақырыптарының» мазмұны білім алушының «жақын аймағынан», яғни оның өз іс-әрекетімен тікелей байланысты тақырыптарды оқудан басталады. Алты-жеті жастағы білім алушылар өз ойын білдіруге, оқу мазмұны бойынша сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап іздеуге үйрену.

33. Ойын арқылы оқыту. Оқу процесінде білімді меңгертуде оқу әдісі ретінде ойынды қолдану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық ойын технологияларының басты элементтері – ойын алдында білім алушыларға нақты оқу мақсаты қойылады; ойын арқылы белгілі педагогикалық нәтижеге қол жеткізу жоспарланады, оқу әрекеті ойын ережелеріне бағынады, оқу материалы ойын құралы болып табылады. Білім алушылардың сабақтағы ұжымдық іс-әрекетті ұйымдастыруға бағытталған ойын әдісі арқылы олардың шағын топтың өзге мүшелерінің пікірін сыйлау, әртүрлі нәтижелі іс-әрекет негізінде соңғы нәтижені алдын-ала көре білу, өздігімен іс-әрекетті жоспарлау, мақсатқа жету амалдарын таңдау мүмкіндігі беріледі.

34. Жобалау тәсілі. Оқу жобасы – білім алушының немесе білім алушылар тобының ғылыми-зерттеу, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешу жөніндегі нәтижелерге қол жеткізуіне бағытталған оқу-танымдық әрекеті. Ортақ мақсатымен, келісілген әдістер және іс-әрекеттердің реттілігімен, кеңейтілген шешімдер мен белгілі тәсіл бойынша рәсімделген нәтижелермен сипатталады. Бұл әдіс білім алушының өз алдына жеке проблема қойып, оны шешудің өзіндік жолдарын табуымен сипатталады. Бастауыш мектепте жобалау әдісі білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бірақ, жобалау іс-әрекетінің алгоритмі (жоба – мұғалімнің көмегімен білім алушының маңызды проблеманы шешудегі өзіндік іс-әрекеті) толығымен сақталады. Бөлім мазмұнымен танысу аясында білім алушылардың ұжымдық/топтық жобалар бойынша жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады. Жобалық жұмыстар сабаққа бөлінген сағаттармен ғана шектелмейді, сондықтан сабақтан тыс интеграция да қарастырылады.

35. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) қолдану:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі негізгі АКТ-дағдыларда құрылады және технологияларды жұмыс, бос уақыт және коммуникация үшін дұрыс және шығармашылықпен пайдалана білуден тұрады;

2) білім алушылар барлық пәндер бойынша оқу процесінде құрал-жабдықтар мен қосымшалардың кең ауқымын пайдалана отыра, ақпаратты табу, жасау және онымен жұмыс жасай отыра, ынтымақтастықта, мәліметтермен және идеялармен алмаса отыра, өз жұмысын бағалай және жетілдіре отыра АКТ-ны пайдалану дағдыларын дамытады.

36. «Ым-ишаратшық» пәні бағдарламасында ол төмендегі жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырылады:

1) бұқаралық ақпарат құралдары және мультимедиялық ресурстарды пайдалану;

2) ақпаратты дерекқордан және интернеттен іздеу;

3) сандық және Интернет-дереккөздер арқылы алынған ақпараттарды таңдау, өңдеу және оның нақтылығын, сенімділігін, құндылығын бағалай білу;

4) есептік, мәтіндік және көретін ақпаратты және дерекқормен, оның ішінде гиперсілтемелерді, электрондық кестелерді, графикалық қосымшаларды пайдаланып жұмыс істеу арқылы мәліметтерді қабылдау, іріктеу және жүйелей білу;

5) ақпаратты құрастыруда және өңдеуде АКТ пайдалану;

6) заңдылықтар мен үрдістерді зерттеу; модельдер мен модельдеуді пайдалану, сонымен қатар, жылжымайтын және қозғалыстағы бейнелерді, дыбыстарды және мәтіндерді мультимедиялық таныстырылымдар құру үшін біріктіру мүмкіндіктерін зерделеу.

37. Сандық ақпараттың икемділігін басқа нұсқаларды зерделеуде, нақтылауда және нәтижелерді жақсартуда толығымен пайдалану:

1) электрондық байланысқа, онлайн форумдарға, виртуалдық оқыту орталарына қатысу арқылы басқа білім алушылармен және мұғалімдермен түрлі байланыс арналары бойынша ынтымақтастық қарым-қатынас жасау және ақпарат алмасу;

2) оқытудың белсенді түрлеріне техникалық қолдау көрсету мақсатында интерактивті тақтаны қолдану;

3) аяқталған жұмысты мектеп шеңберінде және өзге орталарда мультимедиялық таныстыру.

4-тарау. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

38. «Ым-ишаратшық сөйлеу тілі» пәнінің оқыту нәтижелері критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

39. Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысына негізделген. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

40. Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады.

41. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіледі, білім алушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

42. Жиынтық бағалау оқытудың белгілі мерзімінде оқу блогын оқып бітіргенде өткізіледі, білім алушыларға кері байланысты қамтамасыз ету үшін, пән бойынша тоқсандық және жылдық баға қою үшін қолданылады.

5-тарау. «Ым-ишаратшық сөйлеу тілі» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

43. «Ым-ишаратшық сөйлеу тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 4-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.

44. Ым-ишаратшық сөйлеу тілі сабағында калькаланған ым-ишарат сөйлеу тілін пайдалана отырып, мәтінмен жүргізілетін жұмыс түрлері:

1) барлық мәтінді оқу (мұғалімнің тапсырмасы бойынша);

2) оқу, оқудан кейін – оқығанын айтып беру;

3) білім алушының үйде алдын ала дайындалған жаңа мәтінді оқуы;

4) сөйлемдерді сөйлеу ым-ишаратымен тізбектеп оқу;

5) азат жол бойынша тізбектеп оқу;

6) оқу және суретке сәйкес үзіндіні табу;

7) оқу және сұрақтарға ым-ишаратпен жауап беру;

8) мәтіннен сұраққа жауап беруге көмектесетін үзіндіні табу;

9) білім алушы әңгімеден немесе өлеңнің қалаған жерін оқуы;

10) әңгіменің басты ойын білдіретін сөйлемді немесе үзіндіні табу;

11) оқу және ненің шынайы, ал ненің ойдан шығарылғанын табу (ертегі);

12) мәтін бойынша таңдап оқи отырып, әңгімелесу;

13) мұғалімнен немесе білім алушымен оқығаны туралы өз пікірін білдіру;

14) оқу және шығарманың несімен ұнағаны, ненің есте қалғаны туралы ым-ишаратпен айтып беру;

15) рөлдерге бөліп оқу;

16) диалогты рөлдерге бөліп оқу;

17) қажетті жерде кідіріс жасап, өлең оқу;

18) «Шынайы көрініс» бір білім алушы оқиды, ал басқа білім алушы оқығанға сәйкес бетінің мимикасын білдіреді;

19) ерекше сезіммен оқылатын үзіндіні табады (қатал, қуанышты, көңілді, мұңды);

20) калькаланған ым-ишарат сөйлеу тілін пайдалана отырып, конкурстық өлең оқу (өзінің қалауы бойынша);

21) мәтіннен бейнелеу мен сипаттама сөздерін табу және оқу;

22) оқу, мәтіндегі түсініксіз сөздерді белгілеу;

23) мәтіннен берілген сөздерге мағынасы бойынша жақын сөздердерді табу және оқу (берілген сөздер тақтаға жазылған);

24) ым-ишаратшық сөйлеу үшін сөздерді тере отырып, оқу. Мысалы, «жыл мезгілдері» тақырыбына;

25) оқу мен аударуды біріктіру (мұғалім – білім алушылар хормен).

45. Ым-ишара тілінің құрылымы:

1) дактильдеу техникасы. Ым-ишараны жасау мен дактилема үшін қол саусақтарының қалпы (алақан, саусақ қалпы). Әріптер мен дактилема. Дактилемамен ұқсас, қайталанатын ым-ишараны орындау. Мысалы: Мен – «м», кім? – «к», қызық – «қ», шын – «ш», «Тауып көр» ойыны;

2) ым-ишара тілінің бірлігі – ым-ишара;

3) ым-ишара тілі: саусақтарының, қол буынының бағыты. Әрбір ым-ишара элементінің рөлі. Бір қолдық, екі қолдық ым-ишара;

4) ым-ишараның баламасы – танысу мағынасы, мектеп кеңістігіндегі заттарды атау;

5) «Не?» мағынасындағы атауларды жеткізу тәсілі: мектеп (сынып, кітапхана, мектеп мекен-жайы, жатын бөлме корпусы. Мектепте неше корпус бар? Сіздің жатын бөлмеңіз нешінші қабатта? Сіздің сыныбыңыз нешінші қабатта?). «Біздің мектеп» ойыны;

6) сандық қатынас мағынасындағы атауларды жеткізу тәсілі. Сан белгісі. Көлем және уақыт түсініктерін айту тәсілдері «қанша», «сонша» (қанша, сананыз, өлшеңіз) арифметикалық әрекеттердің мағынасы. Сенің жасың нешеде? Сен қай жылы туылдың? Сағат қанша? Сатып алу кезіндегі болған оқиға жайлы диалог;

7) ым-ишараның баламасы – отбасы мағынасы;

8) ым-ишара – әр түрлі жастағы адамдардың атауы, жасы, жынысы, отбасылық жағдайы, туыстық қарым-қатынасы. Отбасы, отбасы мүшелері. «Қонақтар» ойыны;

9) ым-ишараның баламасы – тұрмыстық заттардың атауы. Үй. Тұрмыстық заттар (үй, бөлме, ас үй бөлмесі, қонақ үй бөлмесі, балалар бөлмесі, газ);

10) бөлмедегі тәртіп үлгісі (үйдегі);

11) ым-ишараның баламасы – ауа – райы түсінігі. Жыл мезгілдері. Уақыт. Табиғи құбылыстар (бір сәт, мезгіл, маусым, кезең);

12) сұраңыз және айтыңыз: Қандай айлар? Жылдың қай мезгілі жылы болады? Қай жерде жыл бойы қар болмайды? Сізге қандай жыл мезгілі ұнайды?

13) ым-ишараның баламасы – мамандықтар туралы түсінік;

14) ым-ишараның баламасы – кім? (мұғалім, архитектор, дәрігер, шахтер, сатушы, құрылысшы). Мамандықтар атауда ым-ишара баламасын қолдану тәсілі (аспазшы – ым-ишара: тамақ әзірлеу + адам, сатушы – ым-ишара: сату – адам). Дәрігер бөлмесіндегі тәртіп үлгісі;

15) ым-ишараның баламасы – ас үйдегі ыдыстар туралы түсінік. Ас үйі. Ыдыстар. Қазіргі уақыттағы іс-әрекеттің мағынасын жеткізу тәсілі (таңғы ас, кешкі ас, түскі ас, кеспе, ыдыс-аяқ, шұңғыл тәрелке. Сен не істеп жатырсың?). «Дастарханда» рөлдік ойынды;

16) ым-ишараның баламасы – жануарлар туралы түсінік; ым-ишара арқылы жануарлардың мағынасы (жануарлар (үй, жабайы), жәндіктер, жыртқыштар). Тірі жандардың әр түрлі қозғалысының мағынасын жеткізу тәсілі;

17) ым-ишараның баламасы – өсімдіктер атауы. Өсімдіктер әлемі, ым-ишара, өсімдіктердің мағынасы (өсімдіктер, ағаштар, жидектер, түбір, гүлдер). Ым-ишара арқылы әңгіме құрастыру;

18) ым-ишараның баламасы – «Мерекелер» (мереке, Тәуелсіздік күні; Туған күн; Алтын күз; Жаңа жыл; 8-наурыз; Наурыз, тойлату). Әңгіме «Отбасылық мерекелерді қалай атап өтесіздер?» Қазақстан Республикасының Әңұранын ым-ишара тілі арқылы айту.

1-кесте

№	Бөлімдер	Бөлімшелер (дағдылар)
1	Дактилология – саусақ әліпбі	1.1 Дактильдеу техникасын меңгеру 1.2 Дактильдеу ережелерін қолдану
2	Ым-ишарат тілінің бірлігі – ым-ишара	2.1 Ым-ишарат тілімен айту 2.2 Әрбір ым-ишара элементін қолдану
3	Ым-ишараның баламасы-танысу мағынасы	3.1 Дактиль тілін пайдалану 3.2 Ым-ишарат сөйлеу тілінің балама мағынасын түсіну
4	Әрбір ым-ишара элементінің рөлі	4.1 Ым-ишарат сөйлеу тілінің тақырыптар баламасы бойынша сөйлесе білу

46. Бағдарламада «Оқу мақсаттары» кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі сыныбын, екінші және үшінші белгілер – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші – оқу мақсатының ретін көрсетеді. Мысалы, 4.1.2.1 кодында «4» – сыныбы, «1» – бөлімі, «2» – бөлімшесі, «1» – оқу мақсатының реттік саны.

47. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1.1 Дактильдеу техникасын меңгеру	4.1.1.1 Дактилема үшін қол саусақтарының қалпын (алақан, саусақ қалпын) сақтай білу 4.1.1.2 Әрбір ым-ишара элементінің рөлін білу, тақырыбы бойынша диалогқа кіре білу
1.2 Дактильдеу ережелерін қолдану	4.1.2.1 Оң қолмен дактильдей білу 4.1.2.2 Иықты көтеріңкі тік жағдайда ұстау 4.1.2.3 Қол басымен бетті жаппау 4.1.2.4 Алақан жағын өзіне қарай бұру 4.1.2.5 Сөйлесіп тұрған адамға тура қарау 4.1.2.6 Дактильдеу белгілерін дәл орындау 4.1.2.7 Тақырып бойынша әңгімелесу
2.1 Ым-ишарат тілімен айту	4.2.1.1 Дактилемамен ұқсас, қайталанатын ым-ишараны орындау 4.2.1.2 Тақырып бойынша тапсырмаларды орындауды ым-ишарамен көрсетіп орындау
2.2 Әрбір ым-ишара элементін қолдану	4.2.2.1 Әрбір ым-ишара элементінің рөлін білу, тақырыбы бойынша диалогқа кіре білу
3.1 Дактиль тілін пайдалану	4.3.1.1 Дактильді түрде өз ойын жеткізіп, сөздерді, сөйлемдерді, әңгімені айта білу
3.2 Ым-ишарат сөйлеу тілінің балама мағынасын түсіну	4.3.2.1 Дактильдеп бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп сұрай білу
4.1 Ым-ишарат сөйлеу тілінің тақырыптар баламасы бойынша сөйлесе білу	4.4.1.1 Ым-ишаратпен айтатын ойын жеткізе білу 4.4.1.2 Ым-ишаратпен тақырып бойынша әңгімелеп беру 4.4.1.3 Тақырып бойынша ым-ишаратпен көрсетіп, әңгімелеп беру, тақырыбы бойынша сұрақтарға жауап беру, тақырыбы бойынша сұрақтарға жауап беру 4.4.1.4 Диалогты ым-ишаратпен аударып, қарым-қатынасқа түсе білу 4.4.1.5 Сөйлемдерді (сөз, мәтін) аудара білу, ым-ишаратты құрылымын білу. Саусақтардың, қол буынының бағытын білу. Әрбір ым-ишара элементінің рөлін түсіну. Бір қолдық, екі қолдық ым-ишаратты көрсете білу 4.4.1.6 «Танысу» тақырыбы бойынша диалогқа ым-ишарат сөйлеу тілімен қарым-қатынасқа түсе білу 4.4.1.7 «Мектеп» тақырыбы бойынша ым-ишарат сөйлеу тілімен қарым-қатынасқа түсіп әңгімелесу 4.4.1.8 «Сыныпты» тақырыбы бойынша тапсырмаларды орындауды ым-ишарат арқылы көрсетіп орындау 4.4.1.9 «Интернатта» тақырыбы бойынша ым-ишарат сөйлеу тілімен сұрақтарға жауап беру.

48. Ұзақ мерзімді жоспар:

3-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер		Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан				
1. Менің Отаным – Қазақстан		1. Дактилология – саусақ әліпбі	1.1 Дактильдеу техникасын меңгеру	4.1.1.1 дактилема үшін қол саусақтарының қалпын (алақан, саусақ қалпы) сақтай білу
2. Адами құндылықтар			1.2 Дактильдеу ережелерін қолдану	4.1.2.1 Оң қолмен дактильдей білу 4.1.2.2 Иықты көтеріңкі тік жағдайда ұстау 4.1.2.3 Қол басымен бетті жаппау 4.1.2.4 Алақан жағын өзіне қарай бұру 4.1.2.5 Сөйлесіп тұрған адамға тура қарау 4.1.2.6 дактильдеу белгілерін дәл орындау
		2. Ым-ишарат тілінің бірлігі – ым-ишара	2.1 Ым-ишарат тілімен айту	4.2.1.1 дактилемамен ұқсас, қайталанатын ым-ишараны орындау
			2.2 Әрбір ым-ишара элементін қолдану	4.2.2.1 тақырып бойынша тапсырмаларды орындауды ым-ишарамен көрсетіп орындау 4.2.2.2 әрбір ым-ишара элементінің рөлін білу, тақырып бойынша диалогқа кіре білу
3. Мәдени мұра				
4. Мамандықтар әлемі		3. Ым-ишараның баламасы-танысу мағынасы	3.1 Дактиль тілін пайдалану	4.3.1.1 дактильдеп бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп сұрай білу 4.3.1.2 сөйлемдерді (сөз, мәтін) аудара білу, ым-ишаратты құрылымын білу
			3.2 Ым-ишарат сөйлеу тілінің балама мағынасын түсіну	4.3.2.1 дактильдеп бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп сұрай білу
			4.1 Ым-ишарат сөйлеу тілінің тақырыптар баламасы бойынша сөйлесе білу	4.4.1.1 ым-ишаратпен айтатын ойын жеткізе білу 4.4.1.2 ым-ишаратпен тақырып бойынша әңгімелеп беру 4.4.1.3 тақырып бойынша ым-ишаратпен көрсетіп, әңгімелеп беру, тақырыбы бойынша сұрақтарға жауап беру, тақырыбы бойынша сұрақтарға жауап беру 4.4.1.4 диалогты ым-ишаратпен аударып, қарым-қатынасқа түсе білу 4.4.1.5 сөйлемдерді (сөз, мәтін) аудара білу, ым-ишаратты құрылымын білу. Саусақтардың, қол буынының бағытын білу. Әрбір ым-ишара элементінің рөлін түсіну. Бір қолдық, екі қолдық ым-ишаратты көрсете білу
3-тоқсан				
5. Табиғи құбылыстар		1. Дактилология – саусақ әліпбиі	1.1 Дактильдеу техникасын меңгеру	4.1.1.1 дактилема үшін қол саусақтарының қалпын (алақан, саусақ қалпы) сақтай білу. 4.1.1.2 әрбір ым-ишара элементінің рөлін білу тақырыбы бойынша диалогқа кіре білу
			1.2 Дактильдеу ережелерін қолдану	4.1.2.1 оң қолмен дактильдей білу 4.1.2.2 иықты көтеріңкі тік жағдайда ұстау 4.1.2.3 қол басымен бетті жаппау 4.1.2.4 алақан жағын өзіне қарай бұру 4.1.2.5 сөйлесіп тұрған адамға тура қарау 4.1.2.6 дактильдеу белгілерін дәл орындау 4.1.2.7 тақырып бойынша әңгімелесу
		2. Ым-ишарат тілінің бірлігі – ым-ишара	2.1 Ым-ишарат тілімен айту	4.2.1.1 дактилемамен ұқсас, қайталанатын ым-ишараны орындау 4.2.1.2 тақырып бойынша тапсырмаларды орындауды ым-ишарамен көрсетіп орындау
			2.2 Әрбір ым-ишара элементін қолдану	4.2.2.1 әрбір ым-ишара элементінің рөлін білу тақырыбы бойынша диалогқа кіре білу
6. Қоршаған ораны қорғау		3. Ым-ишараның баламасы – танысу мағынасы	3.1 Дактиль тілін пайдалану	4.3.1.1 дактильді түрде өз ойын жеткізіп, сөздерді, сөйлемдерді, әңгімені айта білу
			3.2 Ым-ишарат сөйлеу тілінің балама мағынасын түсіну	4.3.2.1 дактильдеп бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп сұрай білу
			4.1 Ым-ишарат сөйлеу тілінің тақырыптар баламасы бойынша сөйлесе білу	4.4.1.1 ым-ишаратпен айтатын ойын жеткізе білу 4.4.1.2 ым-ишаратпен тақырып б